

6D010200 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша (PhD) докторы дәрежесін алуға ұсынылған Оралбекова Алия Курбановнаның «Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау» атты диссертациясына рецензенттің

ШІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы Ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және Ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Инклюзивті тәжірибе білім алуға барлық балалардың бірдей қолы жетуі тиіс деген идеяны іске асырады. Бұл жерде балалардың жеке басының ерекшеліктері, оқудағы жетістіктері, ана тілі, мәдениеті, психикалық және дене мүмкіншіліктері білім алу жолында кедергі болмауы керек екендігі басты мәселе болып табылады. Инклюзивті білім беру жүйесі қазіргі кезде өзінің ғылыми негіздері мен әдіснамасын жетілдіруге ұмтылуда. Ол әдіснаманың басты ерекшелігі сонда, бұл сала бойынша бала - оқытуды қажет ететін, бірақ түрлі қажеттілік деңгейлері бар жеке тұлға. Инклюзивті білім беру түрлі деңгейде оқи алатын түрлі ерекшеліктері бар балаларды қанағаттандыруға икемді болып келетін тәсілді зерттеуде.

Арнайы білім беруді қажет ететін балалар туралы мәселесі күні бүгінге дейін қазақстандық білім беру жүйесінде ауқымды түрде талқыланып, арнайы зерттеу пәні ретінде қарастырылмай келеді. Ерекше топқа жататын балалардың жалпы білім беру ортасына кіріктіру туралы ғылыми зерттеулер жеткіліксіз немесе жоқтың қасы. Сонымен қатар, жалпы білім беру ұйымдарындағы ерекше оқытуды қажет ететін балалар туралы мәліметтер қорын жасау мәселесінде қажетті дәрежеде қарастырылмай келеді.

Осы ретте, инклюзивті білім беру жүйесін ұйымдастырып, оның міндеттерін жүзеге асыратын оқушымен бірге маңызды орын алатын тұлға - мұғалімді жан-жақты даярлау мәселесі де өзектілікпен күн тәртібіне қойылады. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру мен осы жүйеде қызмет ететін педагогтерді арнайы даярлау – әлі де болса толыққанды игерілмеген тың сала. Осы саланың тұжырымдамалық негіздерін және оны іске асырудың білімдік, ғылыми, оқу-әдістемелік, практикалық және ағартушылық тетіктерін зерттеу - қазіргі күн тәртібіндегі өзекті мәселе.

Елімізде бәсекеге қабілетті білім беруді жоғарылату үшін сапалы білім беру арқылы адам капиталын дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Әлем жаһандық сын-тегеуріндер кезеңінде өмір сүруде. Бұл жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды енгізу, IT-технологиялардың қарқынды дамуы және адам

ресурстарының ұтқырлығы. Осы жағдайда білім және ғылым өзгерістердің алдыңғы қатарында тұруы тиіс... Адамның бәсекеге қабілеттілігін арттыру ұлт жетістігінің факторы болып табылады, сондықтан әр қазақстандықта заманауи технологиялар кезеңінде және жаңа мамандықтардың талаптарына қажет функционалдық, IT сауаттылық, ағылшын тілін білу, адамгершілігі мол тұлға сынды қасиеттер мен құзыреті болуы керек», - деп көрсетілген. Бұл бағдарламаға сәйкес, инклюзивті білім беруге жағдай жасайтын мектептердің үлесін жалпы мектеп санынан 70%-ға дейін арттыру (қазіргі уақытта 38%), мүгедек-балалар үшін «кедергісіз қол жетімділікті» құрайтын мектептердің үлесін жалпы мектеп санынан 20%-ға арттыру, инклюзивті білім берумен қамтылған балалардың үлесін, дамуында арнайы қажеттілігі бар балалардың жалпы санынан 50%-ға арттыру қарастырылған.

Осындай келелі міндеттер аясында инклюзивті білім берудің даму мәселесі жүйелі тұрғыдан нақты және жан-жақты қарастыруды қажет етеді. А.К.Оралбекованың диссертациясының өзектілігі, жоғары мектепте маман даярлау ісінде практикалық және ғылыми сұранысы, жалпы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі айқын танылады.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Бірінші тарау инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану даярлығының теориялық негіздерін зерттеуге бағытталса, екінші тарау ЖОО-да болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлаудың бастапқы және соңғы диагностикасы анықталып, тексеріліп, педагогикалық эксперименттің мазмұны ашып көрсетілді.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің негізделу деңгейі мен шынайылық дәрежесі өте жоғары. Диссертацияда қол жеткізген тұжырымдардың шынайылығы мен негізделу критерийлерін келесідей бағалауға болады. Атап айтқанда:

-бірінші тұжырымның негізділігі мен нақтылық дәрежесі шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектеріне талдау нәтижесінде қол жеткізілді. Зерттеу жұмысының құқықтық, гуманистік, аксиологиялық, педагогикалық, психологиялық бағыттағы зерттеулер мен әдебиеттерде инклюзивті білім беру, болашақ маманның даярлық мәселелері, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың теориялық негіздерін жүйелеу мақсатында шолу мен талдаулар жүргізілді. Зерттеу жұмысының теориялық негіздерін айқын танытатын базалық ұғымдар, атап айтқанда, «инклюзия», «инклюзивті білім беру», «құзіреттілік», «ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» ұғымдары талқыланып, жүйеленді;

- екінші тұжырым шынайы және негізді, себебі инклюзивті білім беру, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлықтың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған

шетелдік және отандық зерттеушілер еңбектері ресми мәліметтерге сүйене отырып жасалды;

- үшінші тұжырымның негізділігі мен шынайылығы инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану даярлығының деңгейлері мен компоненттері анықталды;

- төртінші тұжырым шынайы, нақты дәлелденген. Ол автордың жүргізген сауалнамалары мен тестілеу, педагогикалық эксперимент жүргізу арқылы көрсетілді.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Жүргізілген кешенді зерттеу жұмыстарының нәтижелері диссертацияға қойылатын талаптар аясындағы ғылыми ережелердің деңгейіне сәйкес орындалған. Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдардың жаңалық деңгейі мәселені дұрыс қоя білуінде, оны негіздеп, ұтымды теориялық-әдіснамалық бағыт таңдай алуында. Ғылыми-зерттеу жұмысында тұжырымдалған ғылыми қорытынды мен нәтиженің жаңалығы бірнеше қырынан танылады:

- бірінші тұжырым жаңа болып табылады. Себебі инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің АКТ даярлығы туралы терең теориялық талдау жасап, автор осы тұрғыда кешенді зерттеу жүргізді;

- екінші тұжырым жаңа, себебі қазіргі уақыттағы Қазақстандағы инклюзивті білім беру жағдайы мен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің АКТ-ны қолдану даярлығының сипаттамалары беріліп, психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері талданды;

- үшінші тұжырым ішінара жаңа болып келеді. Жұмыста ақпараттық-коммуникациялық құралдармен жұмыс істеу бойынша теориялық білімдер мен тәжірибелік дағдыларды игерудің кезеңдік деңгейлік (қарапайым, функционалдық, жүйелілік) түрлері мен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін АКТ-ны қолдануға даярлығының құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылған;

- төртінші тұжырым жаңа болып есептелінеді. Бұған дейін Қазақстанда инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін АКТ-ны қолдануға даярлау тақырыбы бойынша жеке зерттелмеген, сондықтан зерттеудің жаңалығын арта түседі.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы.

Диссертациялық зерттеу болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлауға арналған. Негізгі нәтижелер инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасайтын мамандарды даярлау сияқты маңызды ғылыми мәселені шешуге бағытталды.

Зерттеу материалдарын жоғары оқу орындарында, оқулықтарда, оқу-әдістемелік құралдарды жазуда қолдануға болады. Диссертацияның қорытынды бөліміндегі ұсыныстардың да маңыздылығы жоғары. Негізгі тұжырымдар мен қорытындылар сараптамалық орталықтар мен ғылыми-

практикалық мекемелерге ұсынуға жарайды. Диссертациядағы дәйекті материалдар ғылыми-оқытушылық қызметте де, практикада да қажет болады. Зерттеуде ұсынылған негізгі тұжырымдарды, ой-шікірлерді жоғары оқу орындарындағы арнаулы курстар мен семинарларда көмекші оқу құралы ретінде қызмет атқаруға лайықты. Өзінің тақырыбы, бағыты, мазмұны, мақсат, міндеттері, негізгі тұжырымдары мен қорытындысы бойынша диссертациялық жұмыс бекітілген талаптарға сәйкес келеді.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары мен нәтижелері халықаралық ғылыми-теориялық және республикалық конференцияларда баяндамалар түрінде көрініс тапқан. ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен басылымдарда және Scopus-тың ақпараттық базасына кіретін журналында талап бойынша мақалалары жарияланған. Диссертацияның негізгі мазмұны зерттеушінің баспасөзде жариялаған ғылыми мақалаларында баяндалған (барлық саны – 24).

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Диссертацияда қарастырылған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін жоғары оқу орнында даярлаудың заманауи талабына сәйкес оқытудың жаңа әдістемелік тәсілдер ұсынылғанын, болашақ маманның құзіреттіліктерін қалыптастыру жолдары қарастырылғанын, арнайы курстың оқу-әдістемелік жұмыстың жүргізілуі талаптарға сай жүйеленгенін, сол бойынша әдістеменің эксперименттік нәтижелері мен жетістіктері тұжырымдалғанын, инклюзивті білім беру мен АКТ-ның ғылыми-теориялық және әдістемелік аспектілері негізделгенін атай отырып, жұмыстың мазмұны мен құрылымына қатысты бірқатар ұсыныстарды айта кету қажет деп есептеймін.

1. Диссертацияның теориялық негіздері дұрыс. Дегенмен «ерекше» балаларға білім беру саласында АКТ-ның қолданылуы жайында соңғы жылдарда бекітілген халықаралық құжаттармен және зерттеулермен толықтыруды қажет етеді.

2. Кей тұстарда қолжазбада стильдік ақаулар мен орынсыз қолданылған тіркестер, грамматикалық қателер кездесін қалады.

Көрсетілген кемшіліктер жұмыстың негізгі мазмұны мен тақырыптың өзектілігіне айтарлықтай нұқсан келтірмейді.

7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

Оралбекова Алия Курбановнаның қорғауға ұсынып отырған «Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау» атты диссертациясы ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің талаптарына сәйкес орындалған. Қорытып айтқанда, Оралбекова Алия Курбановна 6D010200 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен

әдістемесі» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Шікір беруші:

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы

Қ.Т. Ыбыраимжанов

